



РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Жер жүзіне қоныстану.
Адам пайда болғаннан бастап б.з.д.
бірінші мыңжылдыққа дейін



Кіріспе

Қазіргі кезеңде адамзат баласының жер бетінде пайда болуы жөнінде көптеген пікірталастар туындауда. Оларды үш топқа бөлуге болады. Біріншісі — бұл мәселені діни, идеалистік жолмен түсіндіру. Ондай ұғым бойынша, күллі дүниені, соның ішінде адамды Құдай жаратты деу. Бұл — ғылыми жолмен дәлелдеуі өте қиын пайымдау. Екіншісі — әсіресе кейінгі кезде көп айтылып жүрген әлемдік гуманоидтер жөніндегі көзқарас. Ол бойынша, адам баласы жер бетіне басқа планетадан келген. Бұл да әзірге ғылыми дәлелденбеген пікір. Адамзат баласының пайда болуы, қалыптасуы жөніндегі үшінші пікір — адамзат баласы жер бетіндегі бүкіл тірі жәндіктер сияқты ұзақ және біртіндеп дамудың нәтижесінде пайда болып қалыптасқан.

Чарльз Дарвиннің ілімі бойынша, бүкіл жанды дүниенің, өсімдіктердің пайда болуы, тарихи дамуы қарапайымнан күрделіге қарай, дамудың төменгі сатысынан жоғары сатысына қарай жүріп отырған. Адамзат баласының пайда болып, қалыптасуы және дамуы жөніндегі пікірлердің ішіндегі осы эволюциялық теория бүгінде ең дәлелді, сенімді көзқарас саналады. Сондықтан әлемнің көпшілік ғалымдары осы көзқарасты жақтайды.

Кітап авторларының дерегіне сай, шамамен осыдан төрт миллион жыл бұрын Африканы мекендеген ата-бабаларымыз екі аяғынан тік тұрып жүре бастайды. Оған дәлел, Солтүстік Танзанияның орманды алқабындағы Лаетоли деп аталатын жерде табылған маймыл тәрізді үш тіршілік иесінің іздері. Өзен арнасының жағалауында қалдырылған іздер туралы мәліметтің өзі өте қызық. Тіршілік иелерінің жүріп өткен жерінен жақын маңда орналасқан жанартаудан атқылаған күл жерге қонып, көп ұзамай жауған жаңбырмен араласып, сазға айналған, тропик ыстығының әсерінен саз қайта күлге айналып, қатып үлгерген. Соның нәтижесінде, олардың жүріп өткен іздері ғасырдан ғасырға жеткен екен.

Бұдан бөлек, ғалымдар 1995 жылы Оңтүстік Африканың Кейптаун қаласы маңынан таста сақталған іздердің тағы бір жиынтығын тапты. Шағын денелі индивидтің осыдан 117 мың жыл бұрын осы жағалаудағы дымқыл құмның үстімен жүріп, кейін ол құм қатып, тасқа айналғанның арқасында қалдырылған із біздің заманымызға дейін сақталған.

Авторларына сүйенсек, бұл із – адамзат баласының осы күнге дейін жеткен іздерінің ішіндегі ең көнесі.

Кітап авторлары бізге адамзаттың Африкадағы және одан тысқары жерлердегі ата-бабалары туралы бөлікті қарастыруға кеңес береді.

Бұл бөлікте біз шамамен 7 миллион жыл бұрын басталған ең ұзақ дәуірлердің бірін қарастырамыз. Осы дәуір гомининдердің приматтар тобы (отряды) ретінде ежелгі шимпанзелер мен басқа да маймылдардан бөлініп шыққан кезінен бастап, адамдардың Афроеуразияның кейбір бөліктерінде өсімдіктерді жерсіндіріп, егіншілікпен айналыса бастаған, б.з.д. 10 мың жылдыққа дейінгі кезеңді қамтиды.

Гоминин – Хомо сапиенс және олардан 6–7 миллион жыл бұрын өмір сүрген бабалары кіретін тұқымдастар тармағы.

Авторлардың айтуынша, адамзат баласының биологиялық түр ретіндегі тарихы шамамен 7 миллион жыл бұрын гомининдердің қазіргі шимпанзелердің арғы тегінен бөлініп шығуынан басталады. Себебі 2001 жылы Африканың батыс орталығында орналасқан Чад территориясында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған тіршілік иесінің бас сүйегі, оның 7 млн жыл бұрын өмір сүргенін дәлелдеді. Жергілікті халық оны «Тумай», қазақша аудармасы «өмірге үміт» деп атап кеткен. Тумайдың ми көлемі шимпанзенікімен бірдей болғанымен, бет-бейнесінде байқалатын гомининдік белгілер жаңа түрдің пайда болу мүмкіндігін анық көрсетті. Бірақ «Тумай» тік жүрді ме деген мәселеде ғалымдардың көзқарастары бір жерден шықпады және ұзақ жылдар бойы шешімін таппай келе жатыр.

Ғалымдар 1975 жылы солтүстік Эфиопиядан австралопитек туыстас тобына тиесілі 13 қаңқа қалдықтарын тапты. Олардың ішінде сүйегі 40% сақталған жас әйелдің қаңқасы болды. Оның есімін – Люси деп қойды. Ғалымдар оны б.з.д. 3, 2 миллион жыл бұрын өмір сүрген деп анықтады, бойы небәрі үш фут болған, тік жүрген, бас бармағы мен саусақтары тамақ теруге икемді болған. Тіпті терімшілікпен қатар, бір мезгілде кішкентай баласын көтеріп жүрген деген тұжырымға келді.



Кітап: Рапогата: Дүниежүзі тарихы, I

Дәріс: 2. Жер жүзіне қоныстану. Адам пайда болғаннан бастап б.з.д. бірінші мыңжылдыққа дейін

Осы ашылудан кейін 2000 жылы палеоантропологтар Эфиопиядан басқа қазба байлығы – Селамды тапты, ол 13 жастағы қыз баланың толық қаңқасы. Бұл бала 3,6 миллион жыл бұрын су тасқыны барысында құм мен тастың астында қалып қойған. Селамнан табылған Дикика деген жер Люси өмір сүрген жерге жақын орналасқан. Селамның иығы өрмелеуге жарайтын горилланікі секілді болған, соның арқасында ол ағаштарға өрмелеп жүрген, сонымен қатар толық жетілмеген ми қабаты болған.

2009 жылы ғалымдар екі аяқтап жүретін австралопитектер кем дегенде 4,4 миллион жыл бұрын өмір сүргенін сенімді түрде мәлімдеді. Бұған дәлел Ardipithecus ramidus немесе Ardi есімді ересек әйелдердің жартылай қаңқасының табылуы. Қалдықтардың талдауы, Люсиден 1,2 миллион жыл бұрынғы адамның, тік жүре алатындығын көрсетеді.

Люси, Селам, Арди жануарлармен салыстырғанда өте ақылды, олар азық-түлік жинау мен алып жыртқыштарға қарсыласатын шағын тобырлар құруы да мүмкін.

Ғылыми деректер бойынша австралопитектер адам эволюциясының бастапқы бір тармағы деп есептеледі. Қызығы австралопитектердің осы түрлерінің біреуі біздің өте алыстағы бабаларымыздың бірі болған шығар деп пайымдай аламыз. Алайда олардың дәл қайсысынан тарағанымызды ешқандай дерекке сүйеніп айта алмаймыз.

Археологиялық қазба деректерде 2 миллион жыл бұрын, еңбек құралдарын жасай алатын гомининдер пайда болғаны туралы айтылады. Олардың ішіндегі ең ежелгісі қазіргі Танзанияның Серенгети жазығындағы көлдің жанында өмір сүрген. 1960 жылы Олдувай шатқалынан 1,8 миллион жыл бұрын өмір сүрген ежелгі гоминин табылды. Бұл ғалымдар тарапынан қазіргі адамның Номо туыстық тобына жатады деп анықталған алғашқы гоминин. Қазба жұмыстарын жүргізген археологтар оған Хомо хабилис немесе «Епті адам» деген атау береді.

Бұл түрдің миы Люсиге қарағанда үлкен болды, бас бармағы кішкентай заттармен жұмыс істеуге икемделген. Ол әртүрлі құралдарды жасады: шоқпарлар, қол балталар, ұрғылауға немесе қыруға арналған екі шеті де өткір тас қалақшалар.

Адамдардың еңбек құралдарын жасауды меңгерген уақыттан палеолит кезеңі, «ерте тас дәуірі» басталды.

Палеолит – «Ерте тас дәуірі», бұл кезең осыдан 2,5 миллиондай жыл бұрын – гомининдер алғаш рет тасты өңдеп, еңбек құралын жасаған кезден басталып, б.з.д. 12 000 жылға – адам баласының егіншілікпен айналыса бастаған кезіне дейін созылды.

Ғалымдардың болжауынша, Хомо эргастер түріне жатқызылған гомининдер Африкадан солтүстікті бағыттап отырып, Еуразияға қарай шамамен осыдан 1,9 миллион жыл бұрын қоныс аудара бастаған шығар. Келесі миллиондаған жылдар ішінде олар ұрпақтары Хомо эректустардан құралған шағын тобырлар Батыс Еуропаға, Қытайға және Индонезияға дейінгі жерлерді басып өтеді дейді авторлар.

Хомо эргастер және хомо эректус австралопитектерге қарағанда ұзын бойлы және толық болған. Бұтақтан бұтаққа секіруге икемсіз ауыр денелері жыртқыш аңдарға қарсы тұра алатындай күшті еді. Ең бастысы, ежелгі гомининдермен салыстырғанда, олардың ми сауыты үлкенірек, соған орай олардың миының көлемі біздің миымыздың төрттен үш бөлігіндей болды деп болжамдайды авторлар.

Хомо эргастер, Хомо эректус және шамамен 600 мың жыл бұрын Африкада пайда болған *Homo heidelbergensis* деп аталатын түр өкілдері дамыған мидың арқасында тастарды бір-біріне соққылау, тас сынықтарын бір-біріне қашау арқылы әртүрлі, жетілген еңбек құралдарын, соның ішінде чопперлер, қашаулар, шапқылар, қырғыштар, үшкіртастар, шоқпар және өте шеберлікпен бір басы сүйірленіп қашалған қол балталар жасауға қабілетті болды. Бұл адамдардың ақыл-ой деңгейі бірлесе отырып, аң аулау әрекеттерін ойластыруға да жетуі мүмкін. Адамдар қауымы ірі аңдарды жеу үшін ғана өлтіріп қоймай, ендігі кезекте оларды жоспарлы түрде аулаудың жолдарын қарастырды. Осылай деп пайымдауға осыдан 480 мың жыл бұрынғы уақытпен мерзімделген Кениядан табылған алғашқы адамдар тұрағынан шыққан тастан жасалған қол балталар мен шапқылар негіз болды.

Дәрісімізді «Хомо» өкілдерінің көшіп-қонуы мәселесімен жалғастырамыз.

Жалпы алғанда бізге генетикалық жағынан жақын бабаларымыздың тарихы бүкіл Афроеуразия шеңберінде қарастырылуы тиіс. Грузияның Дманиси елді мекені маңынан еңбек құралдарын пайдаланған гомининдердің тұрағы табылады. Бұл гомининдердің арғы тегі



Кітап: Рапогата: Дүниежүзі тарихы, I

Дәріс: 2. Жер жүзіне қоныстану. Адам пайда болғаннан бастап б.з.д. бірінші мыңжылдыққа дейін

Африкадан келгені анық болса да, олардың Кавказ тауларында 1,8 миллиондай жыл бұрын өмір сүргені анықталды. «Қаңқа иелері Хомо эректус түріне жата ма?» деген сұраққа ғалымдар әртүрлі жауап береді. Бірақ қолымыздағы деректерге сүйенсек, осы түрдің өкілдері осыдан 1,5 миллион жыл бұрын қазіргі Индонезияның тропиктік Ява аралына, ал шамамен 1 миллион жыл бұрын Қытайдың солтүстігіне қарай көшкен.

Осыдан ежелгі адамдардың осыншама алыс жерлерге көше бастауына не себеп болды екен деген сұрақ туындайды. Оның жауабы өте қарапайым: олар қоныстанған өңірде азық көзі сарқылған кезде ежелгі адамдар бір мекеннен екінші мекенге ауысып отырды. Себебі дәл осы Хомо өкілдерінің ми көлемі ертеректегі гомининдерге қарағанда үлкенірек еді, сәйкесінше олар миға көбірек қуат беретін азықпен қоректенуі керек болды. Бұдан бөлек Хомо өкілдерінің көшіп-қонуына ауа температурасының өзгеріп тұруы да өз әсерін тигізген болуы мүмкін. Сол дәуірде мұздықтардың пайда болуы ежелгі адамдардың отты пайдалануды меңгеруіне алып келді. Оған дәлел Шығыс және Батыс Африкадағы ежелгі тұрақтардан табылған от іздері отты пайдаланған алғашқы гомининдер Хомо эргастерлер болғанын көрсетеді. Сондай-ақ Қытайдың солтүстігінде орналасқан үңгірді зерттеу нәтижесінде осыдан 300–400 мың жыл бұрын осы үңгірді мекендеген Хомо эректус өкілдерінің де от пайдаланғаны белгілі болды.

Ежелгі гомининдердің эволюциялық даму қарқыны бойынша білімді жетілдіруде қосымша ақпарат ретінде Кениядағы Туркана өзенінің батыс жағалауынан табылған «Туркана баласы» туралы мәліметпен танысып, өз көзқарастарыңызды бекітіп отырсаңыздар, оқулық авторларының сындарлы ойлау ұстанымын іске асырған болар едік. Ендеше қарастырып отырған кітабымызды парақтап, «Туркана бала» туралы қызық мәліметтермен өз бетінше танысуларыңызға кеңес беремін.

Ал, біз ары қарай Сіздерді гомининдердің өзге түрлері, атап айтқанда Неандерталь, Флорес, Денисов адамдары және Хомо сапиенс туралы мәліметтермен таныстырамыз.

Гомининдердің осы түрлері шамамен 200 мың жыл бұрын өз іздерін қалдыра бастайды. Олардың Хомо эректуспен салыстырғанда ақыл-ой қызметі жетілген, еңбек құралдары күрделенгенін анық айта аламыз.

Бірінші – неандерталь адамына тоқталайық. XIX ғасырда Солтүстік Германияда орналасқан Неандр өзені аңғарынан табылған неандерталь адамы Еуропа мен бүгінгі таңда Орта Шығыс деп аталатын Азияның оңтүстік-батыс бөлігін қоныстанған. Олар осыдан 200 мың жыл бұрын пайда болып, 28 мың жыл бұрын түр ретінде жойылады. Ғылыми дәлелдер неандертальдардың біздің тікелей арғы тегіміз деген теорияны жоққа шығарды. Шамасы, олар ертеректегі гомининдерден тараған жеке түр болуы керек.

Танымал зерттеушілер неандертальды мәдениетті мұқият сақтаған үңгір тұрғындары деп бейнелейді. Олардың миы біздікіндей мөлшерде болды және арнайы тас құралдарының жиынтығын қолданды. Олар жүн мен былғарыдан жасалған жылы киім киіп, өртті бақылады және мұздықтар егістіктерінде аң аулады. Олар сондай-ақ, өлгендерін көміп, мазарларда материалдық заттарын орналастырды, марқұм бұл өнімдерді кейінгі өмірінде пайдаланатынына сенді.

Екінші – Флорес адамы. Ғалымдар 2004 жылы Индонезияның Флорес аралында орналасқан үңгірді зерттеп, бұрыңғыдан белгісіз түрдің табылғанын анықтады. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, оның жасы шамамен 18 мың жыл, тік-жүрген, ұзын қолды, бойы небәрі 90 см шамасында болатын ересек әйел екені анықталды. Олар гомининдер жүйесінің жеке дара тармағы болуы мүмкін. Оның кейбір өкілдері Африкадан Оңтүстік-Шығыс Азияға Хомо эректуске дейін немесе кейін көшкен деп болжамдайды ғалымдар.

Үшінші – Денисов адамы. Соңғы бірнеше жыл ішінде ғалымдар өз зерттеу жұмыстарында биохимиялық талдаудың жаңа әдістерін қолдана бастады. Олар Сібірдің оңтүстігінде орналасқан үңгірде 80 мың жыл бұрын өмір сүрген жас әйелдің ДНҚ-сын жүйеледі. Сібірлік қыз геномының, яғни хромосомалар жиынтығының талдамалары көрсеткендей оның арғы тегі мен Хомо сапиенстың арасын 170–700 мың жылдар бөліп тұр. Қысқасы, ол не біздің түрге, не неандертальға, тіпті, Хомо эректуске де жатпайды. Сірә, ол бізге әлі беймәлім биологиялық түр өкілі болу керек. Ғалымдардың айтуынша, қыздың шашы, көзі және терісі қоңыр болғаны анықталған. Дегенмен, біз бүгінгі күнге дейін Денисов адамдарының қоныстану аймақтарының шеңбері және пайдаланған еңбек құралдары жайлы әзірге еш нәрсе білмейміз.



Төртінші, Хомо сапиенс. Хомо эректус, Неандерталь, Флорес және Денисов адамдары Африкадан алыс қашықтыққа қоныс аударған, бірақ олардың ешқайсысы Австралияға, Америкаға немесе Тынық мұхиттың алыс аралдарына бармаған. Бұндай артықшылық тек Хомо сапиенстің ғана еншісіне тиесілі, ол Шығыс Африкадан бастап жер шарының Антарктикадан басқа, барлық құрлығын игерді. Соңғы жылдары генетикалық зерттеулер мен археологиялық деректер арқасында көптеген ғалымдар бізге ұқсайтын адамдар шамамен 200 мың жыл бұрын жеке түр ретінде пайда болды, бастапқы 100 мың жылдық өмірі туралы деректер тек Африкадан ғана табылған дейді авторлар. Оңтүстік Африкадан табылған қазіргі адамдікімен толықтай сәйкес келетін бас сүйек шамамен 36 мың жыл бұрынғы деп мерзімделеді. Ғалымдар зерттеу нәтижесінде, Хомо сапиенс тұрақты мекенін табу мақсатында алыс жолға шықпай тұрып, Африкада дамыды деген болжамға келді.

Ал шамамен 90–70 мың жыл бұрын олар Африка жерінен Еуразияға, Австралияға, Солтүстік және Оңтүстік Америкаға, мыңдаған аралдарға көше бастаған екен. 2005 жылы ғалымдар мерзімдеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, Оңтүстік Эфиопиядан табылған Хомо сапиенске тиесілі екі жарты бас сүйек қалдықтарының жас шамасын 195 мың жыл деп есептеп шығарды.

Егер Хомо сапиенстің шығу тегі Африкадан екенін ескерсек, демек біздің арғы ата-бабаларымыз да сол жақтан шықты деп пайымдауға болады. Бүгінгі таңда, генетикалық зерттеулердің өзі де біздің «Африкадан шыққанымыз» жайлы теорияны толығымен жақтайды. XXI ғасырдың басында өмір сүретін әр адам шығу тегін анықтауға тырысатын болса, ол түбінде Шығыс не Оңтүстік Африкада осыдан 150–200 мың жыл бұрын өмір сүрген бір адамға барып тіреледі. Бәріміздің бойымызда африкалық түп-тамырымыздың ДНҚ-сы сақталған.

Қазіргі таңда ғалымдар генетикалық алуан-түрліліктің егжей-тегжейіне дейін ескерілген сызбасын құрастыруда, бұл жоба Хомо сапиенстің қашан және қандай жолдармен әлемді бағындырғаны жайлы түсінігімізді одан ары кеңейтуге септігін тигізеді анық.

Хомо сапиенске қайта оралайық. Сонымен ежелгі адамдардың бұл түрі қоныс аударудың арқасында олардың милары табиғи ортаның алуан түріне бейімделу қабілетіне ие болды. Тіпті, сол кезде адамзат баласы сөйлеу қабілетіне енді-енді ие бола бастаған. Сөйлей алған кезден бастап адам баласының топтасып тіршілік етумен қатар, қоршаған ортаның физикалық және табиғи жағдайын меңгере бастады.

Сөйлеу – белгілер арқылы ойлау қабілетіне негізделеді, мұндай талант тек Хомо сапиенске ғана тән екені белгілі.

Олар адам зерделерінің бір-бірімен тығыз байланысы арқылы өзгеріс енгізуге жетерлік күшке ие болды. Бір сөзбен айтқанда, олар мәдениет жасайтын қасиетке ие болды. Хомо сапиенс адамдары бір-бірімен ымдау, белгілер арқылы түсіністі. Оған дәлел, шамамен 75 мың жыл бұрын Оңтүстік Африкадағы Бломбос үңгіріндегі палеолит тұрағынан табылған қазба байлықтары. Осы үңгірден қызыл түсті сазға салынған таңбалар табылды. Бұдан бөлек, сәнді моншақтар жасау үшін әдейілеп тесілген ұсақ теңіз қабыршақтары табылды. Тіпті, темір тотығы пигменттерінің іздері моншақтардың боялғанын аңғартады. Бұның өзі бір қауым мүшелері бөтен қауым мүшелері алдында айқын белгілер арқылы ерекшеленіп тұрғанын немесе көршілерімен арадағы достық қарым-қатынасты құнды заттармен алмасу арқылы бекіткенін көрсетеді.

Жосамен боялған қызыл саздағы ежелгі белгілер. Шамамен 75 мың жыл бұрын белгісіз біреу Оңтүстік Африкадағы Бломбос үңгіріндегі палеолит тұрағынан табылған қызыл түсті сазға осындай тұрақты таңбалар салған. Таңбалардың бір нәрсе білдіретіні анық. Олар бір мағына беру үшін түсірілгенімен, біз оны жасаған адамның не айтайын дегенін білмейміз.

Қорытынды бөлім

Біз дәрісімізде адамзат баласының пайда болуы, дамуы және дүниежүзіне қоныстануы туралы біраз мәліметтерді қарастырдық.

Қорыта айтқанда, ежелгі адамдар жердің Антарктикадан басқа, барлық құрлықта қоныстануы біздің тарихымыздағы алғашқы ғаламдық маңызға ие оқиға. Қорек табу мен күнкөрісті жалғастыру тәрізді қарапайым, қысқа мерзімді мақсаттар бірге өмір сүрген қауымдардың



Кітап: Рапортта: Дүниежүзі тарихы, I

Дәріс: 2. Жер жүзіне қоныстану. Адам пайда болғаннан бастап б.з.д. бірінші мыңжылдыққа дейін

бірте-бірте дүниежүзіне жаппай қоныстануына әкелді. Адамзат баласы қайда баратыны жайлы ешнәрсе білмеді, дүниежүзіне қоныстану жайлы ешқандай түсінігі болмады. Соған қарамастан, алғаш рет Африканы тастап, Шығысқа қарай бет алғаннан кейін олар небәрі 40 мың жыл ішінде жаяу жүріп немесе жүзіп отырып, сапарларын аяқтады. Жер жүзіне тараған сайын еңбек құралдары мен баспана салудың, қоғамдық құрылымның, ойлау қабілетінің, тіршілікке керек заттар мен идеяның бір-бірімен алмасу жолдары мен тәсілдерінің даму қарқыны да күшейе түскенін көріп отырмыз.